

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ.

2025 жылғы 20 маусым

KASE Басқармасының құрамындағы өзгерістер

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (бұдан әрі – KASE, Биржа) басқару командасын нығайту және ағымдағы стратегиялық даму міндеттерін орындау мақсатында KASE Басқармасының құрамына келесі өзгерістер енгізілді:

- Исакова Айнагүл Қуанышбайқызы 2025 жылғы 23 маусымнан 2026 жылғы 1 шілдеге дейінгі өкілеттік мерзімімен Басқарма төрағасының орынбасары лауазымына сайланды;
- 2025 жылғы 20 маусымнан бастап Мәжекенов Ермек Болатұлының Биржаның Басқарма төрағасының орынбасары ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Айнагүл Исакова бұған дейін Орталық депозитарийдің басқарушы директоры және Басқарма мүшесі болған. Орталық депозитарийде жұмыс істеген уақытында ол Agile әдістемесі бойынша өнімді әзірлеу тәжірибесін енгізді, 9 өнім командасының жұмысын ұйымдастырды (өнім менеджерлері, аналитиктер, әзірлеушілер, DevOps), сонымен қатар фронт-офис пен тіркеуші қызметіне жетекшілік етті. 2018-2022 жылдар аралығында Айнагүл Исакова Биржада стратегия және халықаралық ынтымақтастық департаментін басқарды. Ол – қаржылық реттеу және корпоративтік құқық саласындағы білікті сарапшы. Қаржы секторында, оның ішінде мемлекеттік реттеу, құқықтық сүйемелдеу, халықаралық қатынастар және капитал нарықтарын стратегиялық дамыту саласында 20 жылдан астам тәжірибесі бар.

Ермек Мәжекенов KASE-дегі еңбек жолын 1995 жылы маклер, Сауда-саттықты ұйымдастыру бөлімінің бастығы және Есеп айырысу палатасының төрағасы қызметтерін атқарудан бастады. Ол KASE-нің Сауда-саттық департаментін басқарды, ал 2018 жылдан бастап KASE-нің басқарушы директоры – Сауда-саттық департаментінің директоры қызметін атқарды. 2020 жылы Басқарма төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды. Бұл қызметте ол Биржаның операциялық қызметін басқару, технологиялық инфрақұрылымды дамыту, клиринг және есеп айырысу процестеріне, сондай-ақ нарық субъектілерімен және реттеуші органдармен өзара іс-қимылға жетекшілік етті. Оның қатысуымен сауда-саттық жүйелерін жаңғырту, өнім желісін кеңейту және KASE-нің ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша бірқатар негізгі бастама жүзеге асырылды. «Еңбек сіңірген қаржыгер» орденімен, теңгенің 20 жылдығы мерекелік медалімен және «Үлес» мерекелік медалімен марапатталған.

23 маусымнан бастап KASE Басқармасы өкілеттік мерзімі 2026 жылғы 1 шілдеге дейінгі бес адамнан тұрады:

- 1) Басқарма төрағасы Мұхамеджанов Әділ Нұрланұлы;
- 2) Басқарма төрағасының орынбасары Саржақов Жайнар Наурызбайұлы;
- 3) Басқарма төрағасының орынбасары Аманжолова Дана Мұратбекқызы;
- 4) Басқарма төрағасының орынбасары Исакова Айнагүл Қуанышбайқызы;
- 5) Басқарма төрағасының орынбасары Гришко Михаил Валерьевич.

Биржаның стратегиялық бағыттарын ағымдағы өзгерту мен жаңарту аясында келесі бағыттар басым болып табылады:

- *IT-инфрақұрылымын дамыту және ішкі дамуға көшу:* микросервис архитектурасын пайдалана отырып, біртұтас АТ экосистемін қалыптастыру, бөлшектелген шешімдерден бас тарту және технологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, соның ішінде киберқауіпті басқару мен сауданың үздіксіздігін қамтамасыз ету көзделеді;
- *АТ мен бизнес функцияларының интеграциясы:* matching, clearing, деректермен қамтамасыз ету, API және финтех ортасымен өзара іс-қимылды қоса алғанда, АТ Биржаның бизнес моделінің негізгі элементіне айналуға, бұл Басқарманың құрамында цифрлық трансформацияда тәжірибесі бар мамандардың болуын және өнім топтарын құруды талап етеді;
- *маркетингтік функцияны күшейту және өнімдер тәсілін енгізу:* финтех платформалары мен баламалы инвестициялық қызметтердің бәсекелестігі артып келе жатқан кезде, UX, тұтынушыларды сегменттеу және цифрлық жылжыту арналарына бағытталған өнім желісін құру табыстың маңызды факторына айналуға;

- инфрақұрылымдық ұйымдармен тиімді өзара іс-қимылды дамыту: «KASE клиринг орталығы» АҚ және «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) интеграциясының жоғары деңгейі үдерістерді ғана емес, бизнес-модельді басқару деңгейінде жүйелі архитектуралық көзқарасты талап етеді.

Анықтама үшін

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) – Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржалары акциялары нарығын капиталдандыру көлемі жөнінен төртінші орында.

Бұл – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және валюта свопы, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE – Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сонымен қатар БҰҰ-ның «Тұрақты даму үшін қор биржалары» бастамасының қатысушысы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.